


КЕЛІСІЛДІ

Жастармен жұмыс жасау
бөлімі отырысының
шешімімен

«18» 06 2023ж.

№11 Хағтама

Жастармен жұмыс жасау
бөлімінің басшысы


Ушарбаева А.А.

Студенттерді Қолдау Ұйымы ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚМУ» ҚеАҚ студенттерді қолдау қызметі (бұдан әрі – СҚҰ) білім алушыларға ЖОО-дағы оқу процесіне бейімделуге, денсаулықты сақтау, құқықтарды қорғау, бос уақытты ұйымдастыру, пайдалы ақпаратқа қол жеткізу, тұрақты даму бағыттарын іске асыру мәселелерінде көмек көрсету бойынша студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылады.
2. СҚҰ өз қызметін осы Ережеге сәйкес, жастармен жұмыс жасау бөлім маманымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.
3. СҚҰ университет студенттеріне оқу процесінде туындайтын мәселелерді шешуде сапалы, қолжетімді және тиімді көмек көрсетуге бағытталған.
4. СҚҰ студенттердің жеке қасиеттерін дамытуға жәрдемдесуге, студенттердің құқықтық және өзге де мәселелерде сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізуге арналған.
5. СҚҰ жастармен жұмыс жасау бөлім отырысының шешімі бойынша құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады. СҚҰ басшысын жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы ұзақ мерзімге тағайындайды. СҚҰ құрамын СҚҰ жетекшісі сайлайды.
6. СҚҰ қызметін жастармен жұмыс жасау бөлімі (бұдан әрі – үйлестіруші бөлім) үйлестіреді.
7. Жастармен жұмыс жасау бөлімінің маманы СҚҰ-ны ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуге жауапты болып табылады.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8. СҚҰ мақсаты университеттегі оқу және оқу - тәрбие қызметі саласындағы білім беру процесінің сапасын арттыру және студенттік бастамаларды қолдау жөніндегі қызмет болып табылады.
9. Ағымдағы инклюзивті, теңдік, әртүрлілік саясатын орындауға қатысу. Университетте жастары арасында құқықтық іс-қимылдардың алдын алуды жетілдіру.
10. Білім алушыларға көрсетілетін білім беру қызметтері, университетте енгізілген технологиялар туралы шынайы ақпарат алуға көмек көрсету.
11. Тиісті мәселелер туындаған кезде білім алушыларға кәсіби заңгерлік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.
12. Университетте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және жетілдіруге, этикалық мәдениетті, шығармашылық жағдайды қалыптастыруға және студенттік ұжымдарда (жатақханаларда) өзара көмек көрсетуге қатысу.
13. Білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық қолдауға қатысу.
14. Студенттерді университеттегі ғылыми студенттік үйірмелердің, шығармашылық ұжымдардың жұмысын тартуға жәрдемдесу.
15. Уақтылы медициналық көмек алу мақсатында білім алушыларды ақпараттық қамтамасыз ету.
16. Қаланың, облыстың, республиканың басқа да жастар ұйымдарымен байланысты жүзеге асыру.
17. Түрлі бағыттар бойынша конференциялар, «дөңгелек үстелдер», ғылыми семинарлар, байқаулар, конкурстар, фестивальдар ұйымдастыруға қатысу; мұражайларға, театрларға, көрмелерге бару.
18. Университет аумағында және жатақханаларда құқықтық тәртіпті сақтауға жәрдемдесу.
19. СҚҰ қызметінің принциптері:
 - еріктілік: кез келген көмек көрсету ерікті негізде жүргізіледі;
 - құпиялылық: СҚҰ мүшелері алатын барлық ақпарат қатаң құпия болып табылады және отініш білдірген студенттердің келісімінеіз үшінші тұлғаларға берілмейді;
 - ақпараттың толықтығы мен ашықтығы: қызмет ұсынатын барлық ақпарат сенімді және жан-жақты;
 - объективтілік және Тәуелсіздік: көмек көрсету объективті және басқа тараптардың мүдделеріне қарамастан жүргізіледі;
 - жауапкершілік: СҚҰ қызметін жүзеге асыратын тұлғалар өз жұмысының сапасына дербес жауапты болады.

3. ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

20. СҚҰ жетекшісі студенттік өзін-өзі басқарудың белсендісі болып табылады.
21. СҚҰ жетекшісі университетте жұмыс істейтін студенттік және жастар ұйымдары органдарының келісілген жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.
22. СҚҰ жетекшісі атқаратын лауазымы кезінде университет Сенатының тұрақты мүшесі болып табылады.

23. СҚҰ жетекшісі оқушылардың барлық университеттік іс-шараларына қатысуға, қарым-қатынастардың құқықтық және этикалық нормаларын сақтай отырып, университетте жұмыс істейтін барлық жастар ұйымдарының жұмысына қатысуға құқылы.

24. СҚҰ жетекшісі университеттің топтарының, қоғамдарының, клубтарының, үйірмелерінің, секцияларының, студенттік және жастар ұйымдарының және басқа да бірлестіктерінің студенттерінің алдында отініштері мен ұсыныстарын білдіре алады.

25. Өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат университеттің БАҚ-тарында жарияланады.

4. ФУНКЦИЯЛАР

26. Оқу процесінде туындайтын мәселелерді шешуде университет білім алушыларына сапалы, қолжетімді және тиімді көмек көрсетуді ұйымдастыру.

27. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидағтары мен нормаларына сәйкес олардың құқықтары, заңды мүдделері мен бостандықтары бұзылған жағдайларда студенттерге жан-жақты құқықтық және өзге де қажетті қолдауды ұйымдастыру.

28. Университет студенттерін әлеуметтік-құқықтық қорғауға қатысу.

5. МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

29. СҚҰ қатысушылары міндетті:

- құрылымдық бөлімшелермен, бөлімдермен, деканаттардың қызметкерлерімен, білім беру-тәрбие процесіне қатысатын адамдармен, сондай-ақ студенттер қатарындағы еріктілермен, студенттік өзін-өзі басқару белсенділерімен өзара іс-қимыл жасау;

- сауалнама арқылы жұмыс сапасына талдау жүргізу.

30. СҚҰ қатысушылары құқылы:

- өз қызметін жүзеге асыру үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу;

- жастармен жұмыс жасау бөлім басшысының қарауына жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

6. УНИВЕРСИТЕТ БӨЛІМШЕЛЕРІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

СҚҰ өзара әрекеттеседі:

31. Оқу мәселелері бойынша:

- академиялық жұмыс жөніндегі проректормен;

- мектеп декандарымен;

- кафедра меңгерушілерімен;

- академиялық жұмыс департаментімен.

32. Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша: мансапты дамыту орталығымен.

33. Заң мәселелері бойынша-заң бөлімімен.

34. Психологиялық қолдау және уақтылы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша – «ҚМУ» КеАҚ психологымен.

35. Университеттің жатақханаларына қатысты мәселелер бойынша – инфра-құрылымды дамыту департаментімен.

36. Толықтырулар:


- СҚҰ кеңесі осы Ережеге толықтырулар енгізуге және бекітуге құқылы;
- Осы Ережені жастармен жұмыс жасау бөлім басшысымен бекіткен кезден бастап күшіне енеді.

Студенттік қолдау ұйымының жетекшісі



А. Ж. Болатбек

Жауапты маман



И. И. Мираева